



ЕЛБАСЫ және ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ (Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналады)

Биыл Қазақстан жұртшылығы Тәуелсіздіктің 25-жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Әрине, бір мемлекеттің тарихы үшін бұл аз ғана мерзім, бірақ осы қысқа ғана уақыттың ішінде Қазақстан қаншама қиындықтар мен кедергілерді жеңе білді.

Күн өткен сайын қарқындап дамып келе жатқан Тәуелсіз Еліміздің көш басында өзінің салиқалы саясатын табандылықпен жүзеге асырып келе жатқан Елбасы Н.Ә.Назарбаев тұр. Қазақстанның дамуын Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына бағыттаған Жолдауларынсыз елестету мүмкін емес. Биылғы жылдың соңына қарай Елбасы тағы бір кезекті Жолдауын халыққа арнап, еліміздің одан әрі қарайғы дамуының жолдарын айқындап береді деп күтудеміз.

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа алғашқы жасаған Жолдауы «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы бағдарламасынан бастап кейінгі жылдардағы Қазақстан халқына Жолдауларына дейін тікелей үндестік пен байланыс бар.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы бізге өте қиын экономикалық, әлеуметтік жағдай кезінде қабылданғаны мәлім. Бұл стратегиялық құжат әсіресе, көптің ойынша, идеологиялық, психологиялық дағдарыс кезінде жолданған еді. Сол себепті бұл стратегияға қоғамның көп бөлігі сенімсіздікпен, күмәнмен, күдікпен қараған болатын. Бұл заңды да еді. Өйткені мұның алдында ғана халықтың санасына сіңірілген коммунистік идеология сағымдай жоғалып кетті, жарқын болашақ болады деген сенім күйреді, ғайып болды. Адамның, халықтың санасына тиген осындай идеологиялық ауыр соққыдан кейін 2030 жылға қарай жарқын келешек, дәулетті де сәулетті өмір орнайды дегенге сендіру өте қиын іс еді.

Алайда, егер «Қазақстан – 2030» стратегиясының кіріспесіне назар аударатын болсақ, онда «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген қазақтың халық мақалымен басталады.

Ал қазіргі уақытта халықтың, жастардың санасында «Қазақстан – 2030» стратегиясына деген сенім берік орнады деп айтуға болады.

Өйткені онда жазылған керемет идеялар, көңілге үміт ұялататын тұжырымдар нақты істермен жүзеге асырылып отырғанына халықтың көзі жете бастады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әр түрлі деңгейде сөйлеген сөздерінде, осы кезге дейін жарияланған оннан астам кітаптарында тәуелсіз Қазақстанның өмір шындығына сай жаңа тарихын жазуға және сол арқылы халқымыздың жаңа тарихи

санасын қалыптастыру ісіне әрдайым назар аударуда. Ол өткен тарихын білмеген, өзінің ұлттық қасиеттерінен айырылған халық қасіретке ұшырайтындығы туралы, өзінің жақсысы мен жайсаңын сыйламаған адам басқаларға құрметті бола алмайтындығы жөнінде, өткенге тас атқан бейбаққа келешек қарғыс жаудыратыны хақында терең тұжырымдар жасады.

Н. Ә. Назарбаевтың отан тарихын терең зерделеген еңбектері қатарында 1996 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Ғасырлар тоғысында», 1999 жылы «Атамұра» баспасында жарияланған «Тарих толқынында» атты көлемді кітаптарын, 1998 жылы «Егемен Қазақстанда» жарық көрген «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» деген мақаласын, одан кейінгі жылдарда оқырмандарға ұсынылған «Сындарлы он жыл», «Бейбітшілік эпицентрі», «Еуразия жүрегінде», т.б. шығармаларын бірінші кезекте атауға болады. Н. Ә. Назарбаев кітаптары, американдық жас ғалым Гарварт университетінің аспиранты Сюзан Сипко дәл басып айтқандай, тарихи шығарма емес, бірақ ол кітаптарында тарихты өзек етеді, автор қазақ пен тарихты бөлежармайды./1/

ҚР Президентінің 2011 жылғы Қазақстан халқына жолдауында да Қазақстанның арғы-бергі тарихын, Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі жағдайы мен келешегі туралы ой-толғаныстар молынан кездеседі. Осы еңбектерінде Н. Ә. Назарбаев баршамызды тарихтан үйренуге: кешегі өткен жолымыздан бүгінгі үшін сабақ алуға, бүгінгімізді әділ бағалауға, ал бүгінгіміздің тәжірибесінен келешегімізді болжап, анықтауға шақырды. «Ғасырлар тоғысында» еңбегінің жанрын оның «Болашақ туралы естелік» деп анықтауы да сондықтан. Бұл кітаптың көтеріп тұрған негізі идеясы өткен тарихымызды ертеңгі күннің, болашақтың тұрғысынан түсініп, бағалайық дегенге саяды. Ал «Тарих толқынында» Н. Ә. Назарбаевтың оқырманмен тарих қойнауына үңіле отырып сырласуды, сырласа отырып тағы да тағылым алуды негізгі мақсат етіп қойған. Осы басты мақсат айтылмыш кітаптың «Ұлттық келбетті ұлықтайық», «Қазақ даласы – ұлы түрік елінің қара шаңырағы», «Мәдениет келешегі», «Алаш мұрасы және осы заман», «Ұлттық бірегейлік туралы», «Тоталитарлық тәртіп пен ұлттық ұғымдар», «Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері және тарих тағлымдары», «Тарихтың шеңберлері және ұлттық зерде» аталған сегіз тарауы бойынша көрініс тапқан.

«Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз»/2/ деген қазақтың дана мақалымен қорытындылатын бұл кітап, елдің ертеңін ойлаған диірменнің тасындай шыр айналған тарих тағылымдарын он екі кезеңге бөліп, тағы бір қайтара түйіндеуімен аяқталады. Елбасының жоғарыда айтылған еңбектеріндегі отандық тарихқа байланысты ой-толғаныстары Қазақстанның жаңа шынайы тарихын жасауға, оны насихаттауға және солардың нәтижесінде халқымыздың, ең алдымен жастардың, жаңа тарихи санасын қалыптастыруға шешуші ықпал етті.

Қазақстанның жаңа, шынайы тарихын жазуға батыл кірісуге еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі қолайлы жағдайлар туғызды.

Тәуелсіздіктің қарсаңы мен оның алғашқы жылдары тарихи тақырыпқа қалам тартушылар саны көбейді. Өйткені Кеңес өкіметі өмір сүрген 70 жылдан астам уақытта біздің Отандық тарихымыз, яғни қазақ тарихы көп жағдайда тек патшалық Ресейдің, одан кейін Кеңес Одағы тарихының кішкене бір бөлшегі ретінде қарастырылды да, өзіміздің ұлтымыздың толыққанды тарихы жазылмады. Жалпы, мектептер мен жоғары оқу орындарында ондаған жылдар бойы КСРО тарихы (шын мәнінде Ресей патшалығының тарихы) оқытылып келді, ал Қазақстан мен Орта Азия халықтары тарихына ол оқулықтарда бірер сағаттық қана орын берілді. Осыған байланысты «қайта құру», «жаңа ойлау» деген жағдайлар қалыптаса бастаған кезде көптеген адамдар тарих мәселесіне қалам тартты. Өйткені бұрын айтуға болмаған нәрселерді айтуға, жазуға болмаған мәселелерді жазуға мүмкіндік туды. Сондықтан да тырнақшаның ішіне алып айтқанда, «тарихпен ауыру» басталды. Осыдан келіп кәсіби тарихшылар, гуманитарлық саланың басқа да өкілдері: әдебиетшілер, өнертанушылар, экономистер, журналист ағайындар тарих мәселелеріне оңды-солды қалам сілтеді. Бұл тарихи шындық еді. Ал Кеңестік

дәуірден тәрбие алған, әсіресе партия тарихын өз мамандығы ретінде таңдап алған тарихшыларымыздың басым көпшілігі дағдарысқа ұшырап, не істерлерін білмей қалды. Осы кезде көпшілікке арнап өткір, көсемсөз мақала жазушы ағайындар, ең алдымен, журналист ағайындар алғы шепке шықты. Солармен қатар біздің аға буын өкілдері сол кезде зейнеткерлікте болған апа-ағаларымыз да тарих мәселесімен шұғылданды. Біреулері асырып айтып жатты, екіншілері жеткізбей айтып жатты. Бірақ осы құбылыстың өзі жалпы алғанда тарихи сананы жандандыруға, қалпына келтіруге оңды әсер етті.

Ал тәуелсіздік қарсаңында, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары дағдарысқа ұшыраған кейбір кәсіби тарихшылар біраздан кейін «естерін жиып, етегін жапқан» жағдайға келді.

Кеңес өкіметі өмір сүрген 70 жылдан астам уақыт біздің отандық тарихымызда «социализм кезеңі» деген атпен қалды. Оны тарихтан күштеп өшіре алмаймыз, олай етудің қажеті де жоқ. Өйткені ел үшін үміт пен күдікке, қуаныш пен ренішке, жеңіс пен жеңіліске толы Кеңестік кезеңде орын алған кез келген айтулы оқиға оның тұрғындарының бірде-бірін айналып өткен жоқ. Қазақстан тұрғындары (КСРО-ның құрамында болған басқа халықтармен бірге) 1917 жылғы қос революцияны да, оған жалғасқан азамат соғысын да, ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды да, көшпенділерді зорлап отырықшыландыруды да және солар тудырған ашаршылық пен бостандықты да, тез қарқынмен жүзеге асырылған (ең алдымен шаруалар бұқарасы есебінен) елді индустрияландыруды да, Кеңес одағын мекендеген жекелеген халықтарды (немістерді, кәрістерді, шешендер мен ингуштарды, балкарларды, т.б.) Қазақстанға күштеп көшіру ылаңында, бүкіл елмен бірге қанқұйлы фашизмге қарсы күресті де бастан өткізді. Осының барлығы жаппай саяси қуғын-сүргінмен қатар жүзеге асырылған КСРО-да сталиндік нұсқадағы социалистік қоғам орнату ісін қамтамасыз етті.

Реті келгенде айта кетейік: социализм идеялары теория жүзінде сан ғасырлар бойы адамдардың жақсылыққа ұмтылған армандарының көрінісі еді. Сондықтан да, халық бұқарасының басым көпшілігі елімізде сол идеяларды жүзеге асыру үшін, туған еліміз бен өлкеміздің экономикалық күшқуатын нығайту, мәдениетін дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру жолында жасампаздық еңбек етті, өздері сенген идея негізінде құрылды деп фашистік Германия соғыс ашқанда өздерінің ортақ Отаны саналған Кеңес Одағын қорғау үшін сан мыңдаған аға буын өкілдері майдан шебі мен жау тылына аттанып, кеуделерін оққа тосты.

Алайда кеңес дәуіріндегі тарихымыз қарама-қайшылыққа толы күрделі тарих болды. Өйткені социализм идеяларына байланысты халықтың жақсылыққа ұмтылған армандары Кеңес Одағында керісінше, қарама-қарсы мазмұнда іске асырылады. Елде орнаған тоталитарлық мемлекет қоғамның табиғи даму заңдылықтарына қайшы келетін және оның өмірінің барлық саласын қамтитын, іс жүзінде халыққа қарсы бағытталған эксперименттер жасады. Оның нәтижесінде 1917 жылдан кейін Кеңес империясының құрамында болған қазақ халқы, республикамыздың барлық еңбекшілері қилы-қилы кезеңдерді бастан кешті. Жалпы өркениеттік, адамзаттық өлшеммен бағаласақ, айтылмыш кезеңде қазақ халқының қуанышынан да тартқан қасіреті көп болды. Сталиншілдік, әкімшілік-әміршілдік жүйенің ұйымдастырған зобалаңы қазақ халқын тарих сахнасынан кетіре жаздады.

Дей тұрсақ та, тарих қойнауына енген XX ғасырды, әсіресе 1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі 73 жылды, Қазақстан үшін, оның халқы үшін тек қана босқа кеткен кезең деуге болмайды. Бұл туралы Н. Ә. Назарбаев «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» деген еңбегінде былай деп орынды жазды: «өз басым Қазан революциясынан кейінгі жылдар біз үшін текке өткен жоқ деген байлам жасадым. Материалдық өндіріс жүйесін түбірінен жаңарту, адамдардың білім деңгейінің күрт өсуі, қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының арасындағы қарым-қатынастарды жақсарту, фашистік індетке қарсы ұзақ алапат соғыста жеңіске жету, ғарышқа самғау – мұның бәрін өзіміздің тарихи жүгіміздің асылына жатқызған жөн». «Дәл осымен бір мезгілде, осымен тұспа-тұс, -дейді одан әрі Н. Ә. Назарбаев,- «еліміздің ат төбеліндей билеушілері мен

олардың жер-жердегі әулекі жандайшаптары өз халқына қарсы бағытталған әділдікке жатпайтын істер тындырғанын қайтерсің»./3/

Осының бәрі азаматтық қарама-қарсылыққа толы, шуақты сәттерінен қасіретті күндері мол XX ғасырдың соңы қазақ халқына, Қазақстанды мекендеген басқа халықтар өкілдеріне ұлы игілік сыйлады. Ол 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақтанның мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы еді.

Республика Президенті ұлттық тарихты зерделеу қысқа мерзімді науқан түрінде емес, тұрақты түрде және табанды мақсаткерлікпен жүргізілуі қажеттігін қадап айтты. Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде әрі оны мекендеген қазақтар мен басқа барлық халықтар өкілдерінің тарихы тұрғысынан зерттеліп, оқытылуына қажет екендігін нақты айтты.

Отан тарихына байланысты осындай келелі міндеттерді дұрыс шешу үшін ең алдымен, 52 Мерейтой 4(01)2016 тәуелсіз Қазақстан Республикасында жаңа тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасын (концепциясын) жасау қажет болды. Бұл тұжырымдаманы жасауға Ұлттық ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының, Ә. Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғалымдары мұрындық болды да, осы күрделі де жауапты іске әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің жекелеген тарихшы ғалымдары тартылды. Сонымен қатар, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесіне қарайтын Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер, Философия және саясаттану институттарындағы әріптестеріміздің салиқалы ақыл-кеңестері мен ұсыныстары да ризашылықпен қабыл алынды. Осы жауапты істің басы-қасында Тарих және этнология институтының сол кездегі директоры академик М. Қ. Қозыбаев жүрді.

Елбасы құптаған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасына» сәйкес соңғы жылдары тарихшылар қауымы біраз табыстарға қол жеткізді.

1996 жылдан Қазақстан тарихының көне замандардан бүгінге дейін академиялық бес томдық тарихы шығарыла бастады. Әзірге осы қорытынды еңбектің алғашқы үш томы жарық көрді. Оқырмандардың қолына тиген алғашқы үш томы негізінен ҚР ҰҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, Ә. Марғұлан атындағы археология институттарының күшімен дайындалды. Бұл жұмысқа сонымен қатар ҰҒА-ның қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің, басқа институттардың, республикамыздың кейбір жоғарғы оқу орындарының, Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларының жекелеген ғалымдары ат салысты. Бірінші том көне заманнан XIII ғасырға дейінгі кезеңді, екінші том соңғы орта ғасырлар дәуірі (XIV- XҮІІ ғасырлар), ал үшінші том Қазақстанның жаңа замандағы XҮІІІ-XX ғ-дың бас кезі) тарихын қамтиды. Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін қамтитын төртінші және Тәуелсіз Қазақстан тарихына арналған бесінші томдар жазылып бітіп, баспаға беруге даярлануда.

Адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы кеңес халқын қалыптастыру ұранының аясында жүзеге асырылған бұрынғы «коммунистік идеологиялық» ұстанымдар «КСРО тарихы» атты оқулықтарда, бұқараның ақпарат жүйесінде, пионер, комсомол, коммунистік партия, кәсіподақ ұйымдары аясында тұрақты түрде, табанды мақсаткерлікпен насихатталып, бұқараның санасына мықтап сіңірілді. Осындай уланған, жараланған санадан арылу нақтылы айтсақ, тарихи зерттеулер мен оқулықтардан бірден немесе аса қысқа мерзімде арылу оңай болмайды... Осындай себептерден туындаған кемшіліктердің бірін 2004 жылғы 12 қазан күні Республикалық білім және ғылым қызметкерлерінің III-съезінде сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев жеріне жеткізе айтты. «Біздің республиканың кеңестік, сондай-ақ кеңестік кезеңге дейінгі дәуірі де, – деді ол, – бұрынғысынша коммунизм ұғымы және «партиялық ұлы қайраткерлер» қызметі тұрғысынан беріледі»/4/

Жаңа тарихи сананы қалыптастыруда және тарихи-зерттеу жұмыстарына белгілі деңгейде жаңа серпін беруде жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы онды қызмет атқаруда. Айтылмыш бағдарлама қазақтың терең мағыналы, кең көлемді мәдениетін жан-жақты танып білу үшін аса пайдалы шара болды. Бұл бағдарлама әр түрлі тарихи, саяси және идеологиялық себептермен ұмыт болған немесе ұмыттырылған көптеген мәдени ескерткішіміз бен жәдігерлерімізді қайтадан танып-білуге, жадымызда жаңғыртуға көмектеседі. «Мәдениет» деген ұғымның аясы тек қана оқу-ағарту ісі, ғылым мен өнермен анықталатын тар шеңберге сыймайтыны, оны кең көлемде анықтасақ, «мәдениет» ұғымы әр түрлі тарихи кезеңдерде қоғам мен адамның жасампаздық еңбегі нәтижесінде қалыптасатын материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы болып табылады. Біздің халқымыздың арғы-бергі тарихында осы терең мағыналы, кең көлемді мәдениетімізге байланысты мақтан етер кезеңдер де, өзек өртейтін қасіретті кездерде аз болмаған. Сондай қасіретке толы дәуірлерде біздің мақтан етер мәдени жетістіктеріміз сырттан келген зорлықшыл күштер әрекеттері нәтижесінде ұмыттырылған, мұндай жағдайда рухани өміріміз де мүшкіл халге душар болған. Нәтижесінде халқымыз отаршылдарға жем болған. Сондықтан да қазақтың рухани элитасының өкілдері, ең алдымен Ахмет Байтұрсынов, отаршылдыққа жем болмау үшін халқын басқалармен салыстырғанда мәдени артта қалушылықты жою үшін күреске шақырды. «Қазақ азаматтары, – деп жазды Ахаң «Қалам қайраткерлерінің жайынан» атты мақаласында, – мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп етуі керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге жеткен күні қазақтарды қасындағылар қыңсылатуын қояды... жеуге жеңіл тұрғандарды жеу – табиғи іс. Қазақты бұрын жеңгендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны сөзсіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылады». Аханьның бұл мақаласы 1922 жылғы сегізінші шілде күні «Еңбекші қазақ» газетінде (қазіргі «Егемен Қазақстан») жарияланған. Патшалық Ресейдің отарлығынан құтылғанға бес жылдай уақыт өткен және азамат соғысы аяқталысымен кеңестік тоталитарлық жүйенің қалыптаса бастаған кезінде Ахмет Байтұрсыновтың «басқаға жем болмаймын десең, мәдени қуатыңды күшейт» деген халыққа арнаған үндеуі бүгінгі күнде де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы халыққа Жолдауындағы: «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асырудағы жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет», – деген сөздері осының айғағы, халқымыздың осы екі айтулы перзенттерінің ой-толғаныстары сабақтастығының көрінісі болып табылады. Тәуелсіздіктің 18-ші жылында өмір сүріп отырған жас мемлекетіміз басқа жұртқа «жем болмау» үшін, алапат жаһандану үрдісінің барысында халқымыз ұлттық болмысын сақтап қалу үшін Ахмет Байтұрсынов түсінігіндегі «мәдениет қуатымыздың» Нұрсұлтан Назарбаев ұғымындағы «қазіргі заман мәдениетімен» ұштастыра, өрістетіп дамытуымыз қазіргі таңдағы басты міндеттеріміздің бірі болғаны ләзім. Бұл үшін «Мәдени мұра» бағдарламасын орындау ісін бірер жылмен шектеп, науқандық әрекетке айналдырмай, ұзақ мерзімді әрі кешенді шаралар жүйесін қалыптастырып, жүзеге асыру қажет. Қазір орындалып жатқан бағдарлама аясында қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысы бар ауқымды істер атқарылып жатқаны – шындық. Атап айтқанда қазақ тарихына қатысы бар ондаған, тіпті жүздеген мәтіндер шет тілдерден (шығыс, батыс халықтары тілдерінен) қазақ тіліне аударылып, жеке жинақтар түрінде жариялануда немесе жарияланбақ. Алайда осы істе жекелеген «әттеген-айлар» да орын алуда. Мәселен, олардың біразы (тіпті көпшілігі десе де болады) түпнұсқадан емес, олардың орысша аудармалары негізінде қазақшалаанады. Басқа сөзбен айтқанда, олар аударманың аудармасы болып шықты. Сондықтан олардың түпнұсқасы қаншалықты дәл беретінін айту қиын.

Халқымыздың сан ғасырлық тарихын өмір шындығына сай зерттеу мен насихаттау ұлттық рухты әспеттеуге, тәуелсіз Отанымыздың нағыз патриоттарын тәрбиелеуге қызмет етпек.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабының бір тарауын «Ұлттық келбетті ұлықтайық» деп атауы кездейсоқ емес. Онда Республика Президенті тарихи тек-тамыры мейлінше тереңде жатқан, өзінің қазіргі жерінде көне замандардан бері этникалық қауымдастықтың тайпа, ұлыс, халық, ұлт аталған сатыларынан өткен қазақтардың ұлттық қуаттылығын ерекше атап көрсеткен. Осындай қуаттылық берген халқымыздың бір тектестігінің негізінде тіл мен діл бірлігі, әдеп пен дәстүр бірлігі, этно-мәдени кеңістік бірлігі сияқты ұлттық рухтың алтын діңгектері, бағана-тіректері тұр.

Ұлттық рухты құрайтын компонентердің бірі, әсіресе ол ұлттық рухты белгілі деңгейде әлсіретеді. Ұлттық рухтан айырылған халық ел болудан қалып, жігерсіз, еріксіз тобырға айналмақ. Басқаның құрығына мойынсұнып, оның жетегінде кете бермек. Сондықтан халқымыздың ұлы перзенттері тарихтың түрлі алмағайып кезеңдерінде биік рухты ұрпақ тәрбиелеуге мән берген.

Ата-бабаларымыз рухы биік, намысы мен жігері берік халқымыздың қандай қиыншылық пен қасіреттерге кездесе де, түбінде қайта түлеп, іргелі ел болатынына, біртектестігін сақтап қалатынына сенген. Мұны өткен тарихымыз сан рет дәлелдеді.

Тарихымыздың кеңестік кезеңіне дейінгі көптеген ғасырларда халқымыздың басына талай рет ел ретінде жойылып кетердей қауіп-қатер төнген. Мұндай қауіп-қатерлер кешегі КСРО құлағанға дейін де өз күшін жоймаған. Алайда бірде сүрініп, бірде жығылып жүріп, түптеп келгенде рухы мықты қалыптасқан халқымыз қайтадан бой көтеріп, сырттан келген зорлықшыл, озбыр күштерге қарсы тұра білді, түптеп келгенде осыдан 18 жыл бұрын тәуелсіздік жолымен қайтадан түлеп, даму жолына түсті.

Қандай елдің болса да, отарлықтан босап, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кездегі саяси-әлеуметтік өмірі күрделі болады. Өйткені ол кезеңде елдің экономикасы мен саяси құрылымында ғана емес, рухани өмірінде де – бұқараның санасында, ділінде, дүниетанымында күрделі қайта құрулар жүріп жатады. Бәрін де қайта құруға тура келеді.

Дәл осындай жағдайды қазіргі кезеңде туған республикамыз бастан кешуде. Тәуелсіздік жолындағы өткен 18 жылда еліміз әлемдік қауымдастық мойындаған сүбелі табыстарға қол жеткізді. «Біз,- деп көрсетті ҚР Президенті 2005 жылғы халыққа жолдауында, - бірлесе отырып, еркін экономика мен ерікті ұлт жасақтау жолындағы алға жылжуымызға берік негіз жасадық», ал ендігі біздің күн тәртібіміздегі басты мәселе – «Еліміздің экономикалық және саяси дамуындағы түбегейлі жаңа кезең, Қазақстанды одан әрі жаңарту мен демократияландыру». /5/

Елімізді дамыған, өркениетті елдер қатарына жеткізуге бағытталған міндеттерді шешуге басқа да қазақстандықтар қатарында тарихшы ағайындар, жалпы қоғамдық және гуманитарлық ғылым мен білім өкілдері атқарар жұмыстар жетерлік. Олардың ең маңыздыларының бірі Тәуелсіз Қазақстанның шыншыл тарихын жасап, соның негізінде халқымыздың жаңа тарихи санасын қалыптастыру болып табылады. Осы өзекті мәселенің кейбір қырлары жөнінде тыңдармандарға ұсынылып отырылған мақаламызда шама-шарқымызша айтып өттік деп ойлаймыз.

2013 жылы Қазақстанның барлық аймақтарында аты аңызға айналған Абылай ханның 300 жылдық мерей тойы жан-жақты, кең көлемде атап өтті. Кезінде, содан он шақты жыл бұрын, ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Иә, Абылай – аңызға айналған тұлға, бірақ біз ата тарихтың бар шындығын ашу үшін сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек. Және оны өткеннен сабақ, тарихтан тағылым алу үшін жасауымыз керек» деп тамаша ой айтқан еді.

Осындай керемет ойдың заңды жалғасы Елбасының 2013 жылдың 2 қазанында барлық БАҚ баспасөз беттерінде жарық көрген, оқырмандар арасында қызу қолдау тауып, талқыланып жатқан «Абылай аңсаған азаттық» деп аталатын көлемді мақаласы болды./6/

Елбасы өз мақаласында Абылай хан мен Бұқар жырау арасында өрбіген тәрбиелік маңызы өте зор, қара халықтың қамын жеген, елді елдікке жеткізуді ойлаған Абылай сынды арыстың асыл армандары туралы болған әңгіме жөнінде ой өрбітеді.

Өз тарихында талай рет «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының Абылай хан аңсаған армандарының ішіндегі ең бастысы да, ең қасиеттісі де – елдің тәуелсіздік алуы, жеке ел болып, басқа елдермен терезесі тең болу бақытына жеткеніне аз уақыт бола қойған жоқ.

XVIII ғасыр мен XX ғасырды салыстыра қарайтын болсақ, осы екі кезеңде халқымыздың басынан кешкен ауыртпалығы, қауіп-қатердің орасан зорлығы өте ұқсас келеді екен. XVIII ғасырдың бірінші жартысында жоңғар агрессиясының күшеюінің нәтижесінде қазақ хандығының өміріне қауіп төніп, мемлекет ретінде жойылып кетуі әбден мүмкін болды. «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұламаның» сұрапылында миллионға жуық қазақ қырылды. Жылдан-жылға Ресей патшалығының отаршылдық саясаты қаһарына мініп, түбінде ел тәуелсіздігінен айырып тынды.

Сонда да болса, айбыны асқан батырлар мен ақылы асқан билерді, еңіреген ерлер мен шешендігімен елді арттарынан ерте білген данагөй ақындар мен жыраулардың басын біріктіріп, тәуелсіздікті сақтап 54 Мерейтой 4(01)2016 қалу үшін аянбай ерлік көрсеткен Абылай ханның өмірі біздің ұрпаққа, жалпы ұлтқа өшпес өнеге, зор үлгі болып табылады. Жан-жақтан анталаған жауға берілмей, көреген саясат ұстанған айбарлы Абылай Ресей патшалығына да, Қытай империясына да қарсы күресті. Өз елінің аюдың аузында, аждаһаның көмейінде кетпеуіне көп күш жұмсады.

Алайда, Абылай хан өмірден өткен соң, ұзақ жылдарғы белсенді түрде жүргізілген патшалықтың отаршылдық саясатының нәтижесінде Қазақстан Ресейге тәуелді болды да, ұзақ уақыт бойы адам төзбес қиыншылықтарды басынан кешірді. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатта жүргізген кейбір әдіс-айлалары Еуропадағы ағылшындар мен француздардың және испан конкистадорларының әрекеттерінен асып түсті.

Ал XX ғасырдағы Кеңестер Одағы тұсындағы жүргізілген қызыл империяның саясаты ақ патшадан да асып кетті. Ешқандай соғыссыз, бейбіт заманда жерінен айырылып, халықтың жаппай аштан қырылуы елдің басына түскен ауыр нәубет еді. Мемлекет түгілі, халық халық ретінде жойылып кетуге шақ қалды. Қанша қырғынға ұшырап жатса да, қазақ халқы жанкешті соғысын ешқашан тоқтатқан емес. Оған қазақ халқының ақ патша мен қызыл империяның отаршылдық саясатына қарсы болған 300-ден астам ірілі-ұсақты ұлт-азаттық соғыстары мен бас көтерулері куә. 1916 жылы көтеріліп, ақ патшаның тақтан кетуін жылдамдатқан қазақтардың рухы биік қайсар ұрпақтары 1986 жылы қызыл империяның құрып кетуін тездетті.

Ғасырдан ғасырға созылған, тәуелсіздік үшін күрескен халқымыздың, Абылайдай данышпан қайраткерлеріміздің аңсаған асыл армандары тек XX ғасырдың соңына қарай, қазақ халқының маңдайына біткен ақылды да білімді, ержүрек ұрпақтарының арқасында жүзеге асырылды.

Халық тағдыры таразыға түскен шақта елді ешқандай шығынсыз, соғыс қырғынына ұшыратпай аман сақтап қалу, бұрынғы қылышынан қан тамған Кеңестер Одағы мен Коммунистік партияның бұғауынан босату, тәуелсіздікке қол жеткізу сияқты ең қасиетті мәселелер күн тәртібінде тұрды. Бұндай киелі істі орындау қарын қамын емес, халық қамын ойлайтын ерлердің басын біріктіре алатын шебер ұйымдастырушы, аса көреген саясаткер, ақылды да білімді, асқан парасатты адамның ғана қолынан келетін еді. Ондай адам көп қиындық көрген халқымыздың бағына орай Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын.

Тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында Қазақстан күннен-күнге өмірдің барлық саласы бойынша жедел қарқынмен даму үстінде. Елбасының халықаралық деңгейдегі беделінің, дипломатиялық істердегі көрегендігі мен зор қабілетінің арқасында Қазақстанды қазіргі таңда барлық ірі мемлекеттер мойындап, тығыз саяси, сауда-экономикалық және мәдени қарым-қатынастар орнатты.

Елбасының әділдігінің, ақыл-парасатының зор, ой-танымының кемел екендігінің, ғылым мен білімді терең меңгергенінің өзі талай қиындықты басынан кешірген

халқымызға құт-бақыт, дәулет алып келетін, Жүсіп Баласағұни бабамыз айтқандай, әділ заң орнататын, кедей халықты бай ететін, халық санын көбейтетін көрнекті тұлға екенін көрсетеді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың алыстан толғап, алдағыны болжайтын ақыл-ойы алғыр, келешекті көре білетін парасат-пайымы шалқар, өз заманының заңғар тұлғасы екенін айдай әлем мойындап отыр. Мысалы, саясат майталманы, әйгілі «темір-леди» Маргарет Тэтчердің «Қазақстан басшысы – әлемдегі ең үздік бес-алты қайраткердің бірі» деп бағалауы тегіннен тегін емес. Мұндай бағаны Ресейдің, Қытайдың, АҚШ-тың, Германияның, Түркияның және басқа да әлемнің ең ірі мемлекеттерінің бірінші басшыларының ауыздарынан естіп, Елбасымыздың әлемдік деңгейдегі аса ірі саяси тұлға екеніне куә болып жүрміз.

Әрине, осындай жүрекжарды пікірлер Елбасының басшылығымен Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатта аз уақытта жеткен мол жетістіктеріне берілген әділ баға деп түсінген дұрыс.

Қазақстанның бүгінгідей биікке көтеріліп, бүкіләлемдік беделге ие болуы онайлықпен келген жоқ. Бұл жолда ең алдымен Елбасымыз түн ұйқысын төрт бөліп, терең толғанды, тебірене ойланды, тер төгіп, еңбек етті. Оның үлкен жүректі абзал азамат, халқының аманатын қайыспай көтеретін нар тұлға, жаңа тұрпатты мемлекет қайраткері ретінде еліміздің игілігіне сіңірген ерен еңбегі әмбеге аян.

Еліміздің елең-алаңында, тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде Қазақстанның келешегі мен өміршеңдігіне күмән келтіргендер аз болған жоқ. Алайда ел басшысы ішкі тұрақтылықты, ұлтаралық татулықты сақтаудың тетігін тауып, қазақ халқының ұлттық өрлеуіне жол ашып берді. Осы арнада нарықтық экономиканы өрістетіп, демократиялық қоғам құруға бағытталған реформаларды батыл жүргізіп, дәуір талабына сай қарыштап ілгері басуға жағдай туғызды. Соның арқасында еліміз өз өңірінің ең өркенді мемлекеті ретінде дүниежүзілік аренадан лайықты орын алып отыр. Қазақ ұлты осындай мемлекеттікке айбарлы Абылай заманынан-ақ лайық еді ғой. Ал тәуелсіздік ұлттығымызды ұлықтап, өзімізді-өзіміз танып білуге, қадір-қасиетімізді құрметтеп, жалтақсыз жарқын өмір сүруге, еркіндіктің нұр шапағынан нәр алып, ертеңімізге еңселене қарауға үйретті. Сайып келгенде, бұл – есімдері ғасырлар қойнауына сіңіп, тарих сабағына айналған Абылай сынды атабабаларымыздың арман-аңсары болған тәуелсіздік емес пе! Ата-бабаларымыз аңсаған сол тәуелсіздіктің көк байрағын көкке көтеріп, еркін еліміздің аспанында асқақтата желбірету біздің ұрпаққа бұйырған екен.

Тәуелсіздіктің көк Туы мәңгі желбірей берсін!

Талдыбек НҰРПЕЙІС

тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ғалым-хатшысы

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Ана тілі» газеті, 2005, шілденің 7-13-і.
2. Н.Ә.Назарбаев, Тарих толқынында. 273-б.
3. «Егемен қазақстан» 1998. 16 қаңтар. Газет ішіндегі кітап.
4. «Егемен Қазақстан», 13.10.2004.
5. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы А., 2005, 12-13 беттер.
6. Н.Ә.Назарбаев. Абылай аңсаған азаттық. «Егемен Қазақстан», 2013 жыл, 02 қаза